

<i>Кіші топ</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№28				
<i>Күндері</i>	14 -18.03.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Өнер көзі - халықта / Народ - источник искусства / Arts				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Далабаева М.Қ.				
<i>Апта күндері</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<i>Күн тәртібі</i>					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Баланы шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерін есте сақтаудың маңызы".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің топырағы құрғақ екендігін іс-тәжірибеде, қопсытқышпен соққылау арқылы көрсету; топырақты қопсытқаннан кейін, тамырларға судың тез жететіні туралы түсіндіру, іс-тәжірибеде көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, өзара алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сұқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық". Мақсаты. Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі қимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. - Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау) Қонақтарға жайылса. (шапалақтау) Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру) Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу)	"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезегімен салып жинау. - Қандай тамаша! Алдымызда көп сандықша. Сандықшалар бірдей емес, Кішкентай, орташа, үлкен. Кішкентайды үлкенірекке салайық, Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.	"Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті ыдыстар мен асхана құралдарынан тек түсі бірдей жинақтамаларды құрастыру дағдыларына баулу; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратыны туралы ұғымдарды қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған бокал (кесе), қасық және табақша түрлі-түсті кескіндердің бір-бірімен араласқан жинақтамалары. Шарты: әрбір бала қолына алған ыдыс-аяқтар және басқа да асхана құралдарының түсіне сай жинақтамасын құрастырып, алдына табақшаны, ал табақшадан ары бокалды (кесені), қасықты табақшаның оң жағына орналастыру керек. Нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыстардың жинағы болады. Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балаларға мысыққа көмектесуге сұрайды. Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза, Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар. Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем. Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала, Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ. Кел, қонағым, үйіме! Тиын, күшіктер, көжек.	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Әлди, әлди!" Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қуыршақтар немесе балаларға ұнамды кейіпкер, ойыншықтар. Педагог балаларға ойыншықтарын қолға алып, еркін тербету қимылдарын жасауға мүмкіндік береді. Содан соң педагог мәнерлеп тақпақты айта тұрып, жолдар ырғағына сай тақпақты мәнерлеп айтып, балаларды бірге қосылуға тартады. - Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жылаамашы, көкөшім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке. С. Әлімқұлов	"Жіптерді ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балалардың түстерді қабылдау және ажырата білу сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі-түсті жіптің орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың тамақтануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру. Ақтөс пен Марғау өзара жарысты: Жеп алды табақшадағы бір уысты. Ал бізде кімге қасықты ұстау жарасады? Кім қалдырмай тамағын тауысады?				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бөсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сыңғырла, домбыра! Сыңғырла, домбыра! Күйің таралсын кең далаға. Сыңғырла, домбыра! Сыңғырла, домбыра! Күйің таралсын ауыл-қалаға.				

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Сүлгіні безендірейік". Мақсаты. Балаларды қағаз бетіндегі шаршы пішінін бақылап, бұрыштардың ортасын тауып (бояусыз), саусақпен көрсетуге үйрету; саусақты бояуға малып, төртбұрыштың әрқайсысының ортасына тез басып алып, "сүлгіні" безендіруге жаттықтыру; саусақтағы бояудың біткенін байқап, бояуға қайта малып, сурет салуды жалғастыруға дағдыландыру; сүлгіні уақытында қолданып, қағаз бетін таза ұстауға баулу; сүлгінің қол мен беттің және дененің таза болуы үшін қолданылатыны туралы түсініктерді пысықтау. Дене шынықтыру. "Спорт – өнер". Мақсаты. Балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіру жаттығуына үйрету; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру қимылының техникасын жақсы меңгеруге және биіктен секіру кезінде қол, аяқ үйлесімділігі мен қауіпсіздік ережесін сақтай білуге дағдыландыру. <i>"Секірмек" қимыл ойыны.</i>	Көркем әдебиет. М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі". Мақсаты. Балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; "Бесік жыры" өлеңінің тәрбиелік маңызын түсіндіру; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру. <i>"Қайықтар сумен жүзеді" рефлексиясы.</i> Музыка. "Нағыз қазақ - домбыра". Мақсаты. Балаларды киелі домбырамен таныстыра отырып, күйді тыңдауда сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. <i>"Киіз басу" ойыны.</i>	Құрастыру. "Диван". Мақсаты. Балаларды екі кірпіштен диван жасауға үйрету; текшелерді жатқан кірпіштің екі жағына қосуға дағдыландыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдау және кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> <i>"Ойыншықтарды диванға жатқызайық".</i> Дене шынықтыру. "Спорт әлемінде". Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру жаттығуының жасалу техникасын естеріне түсіру; гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіру іскерліктерін дамыту; қимылды ойын арқылы қос аяқтап секіру іскерліктерін жетілдіру. <i>"Кенгуру секілді секіреміз" қимыл ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Асатаяқ". Мақсаты. Балаларды асатаяқ құрылымын бақылауға және педагогтың сұрақтарына жауап беруге үйрету; асатаяқтың маңызы туралы түсінік бере отырып, оның аспап ретіндегі ерекшеліктеріне баса көңіл аударуға баулу. <i>"Не дыбыстады?" зейінді дамыту.</i> Дене шынықтыру. "Спорт". Мақсаты. Балаларды қолдарындағы түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; түрлі-түсті жалаушалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын қорытындылау; оқу қызметін пысықтау; өз беттерімен бір-бірлеп гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру жаттығуын бақылай отырып, олардың жаттығу жасау іскерліктерін жетілдіру. <i>"Қоян" қимыл ойыны.</i>	Музыка. "Өнерлі баламыз". Мақсаты. Балаларды домбырада орындалған күйлерді тыңдауға ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. <i>"Сиқырлы аспаптар" музыкалық - дидактикалық ойыны.</i>
--------------------------------------	--	--	--	--	--

Серуен	Ауладағы құстарды бақылау. Мақсаты. Балаларды аулаға ұшып келген құстарды бақылауға, қимылдарын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі жөніндегі ұғымдарын жетілдіру. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө. Тұрманжанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Балапандар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру. – Балалар, сендер "балапан" боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады. – Балапандарым, шығыңдар аулаға! Өзіне қарай ойын алаңына шақыру. – Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қанаттарын қалай қағады? Көрсетіңдерші? Бидайды жерден былай шокиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, алдыға жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру. – Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қораға! Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отырады. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	Көктемгі ауа райын бақылау. Мақсаты. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы ұғымдарды беру, күннің жылынып, құстардың келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. - Балалар, қараңдаршы! - Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды. - Адамдар жылы киімдерін тастады. - Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап. Көктем, көктем, Құстар көкке. Ұшты жан-жаққа Қонды бұтаққа. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Құмалақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Өткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, өткеншек, Айнала бер бізбенен.	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің қалай соғатынын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жалаушалармен ойын. Мақсаты. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғаққа сай жалаушалармен қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру. Педагог балаларға жалаушаларды үлестіреді. - Балалар, жалаушаларды жоғары көтеріп көрейікші. - Тамаша! - Жалаушалар желбіреді, себебі жел соғады. - Желдің жалаушаларды қалай желбірететінін тағы бір көрсетіңдерші. - Жарайсыңдар! - Қазір жалаушалармен ойнайық. "Жалауша". Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк жібектей мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова Жаттығу бірнеше рет орындалатылады. Педагог балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын қадағалау керек. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	Күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел созайық. Қолдарымыз шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны. Мақсаты. Балаларды сапта марш басу қимылдарына жаттықтыру, педагог көрсеткен қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. - Балалар, біздің дөп-дөңгелек күнге не ұқсайды? - Бауырсақ ұқсайды. - Әжеміз пісірген Бауырсаққа өн айтып берейікші. - Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау) Ей, Бауырсақ! Міне, алысқа жолақ. Жалғыз болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! Бір-екі! (адымдау) Бір-екі! Боласың бізбен епті. Сенгіш болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.	Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). Мақсаты. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын көрсетуге ынталандыру. "Құстар, құстар, келіңдер". Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды жан-жақтағы бағытта, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" белгісі бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай, Шиық-шыық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар! Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.
--------	--	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс, этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Ойын-имитация. "Балапандар". Мақсаты. Балалардың балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту. Балаларға балапандар маскаларын кигізу. - Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау) Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында адымдау) Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде) Қанаттарды соғайық. (тізе сәл бүгулі, алақандармен жаңбасты қағу) Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ тұзу, ұшында) Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ тұзу, ұшында) Екі аяқта тұрып, Бір созайық мойынды, (аяқтың ұштарына тұру, мойынды жоғары созу)	Көркем сөзді мәнердеп оқу. Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді). Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру. - Күнім, айым, Еркетайым, Жата ғой, қозым. Әлди, бөпем, Әлди, бөпем, Ұйықта, жұм көзіңді. Бәу-бәу, бөпем, Бәу-бәу, бөпем, Әлди, әлди-ай!	"Менің үй жануарым" мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру.	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету. - Балалар, ал қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. "қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" "қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ" "қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы" Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.	"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсаты. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), - Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) - Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагогтің соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешіп, орнына апаруға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Туған елдің ұлымын" тақпағын мәнерлеп оқу. Аспанымдай мөлдірмін, Жайлауымдай жазықпын, Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. А. Сәрсенов	"Сақиналар". Мақсаты. Ермексаздан кесектерді үзіп жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту.	Бала, бала, баласың, Айтқан тілді аласың, Жалқау болсаң, қаласың, Көрмей өнер қарасын. <i>М. Әшірбеков</i>	Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай". – Торғай, торғай , Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова	"Мен Бауырсақпын" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы".				

Тексерген: Бекишева.М.А. 